

Қаралды:
Рассмотрено:
на заседании МО
қаулы № 1 _____
Протокол № 1_
«23» 08.2024 г.

Келісемін:
Согласовано:
Зам.директора по ВР
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
Рахматулина А.Т. *А.Т.*
«23» 08. 2024 г.

Бекітемін:
Утверждаю:
Руководитель «Ақмола облысы білім
басқармасының Бұланды ауданы
бойынша білім бөлімі Айнакөл
ауылының жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ
Сыздыкова А.Ж. *А.Ж.*
«23» 08.2024 г.



*Жалпы білім беретін мектептің білімалушыларына арналған
«Бес асық» үйірмесі*

Құрастырған : Үйірме жетекшісі.

2024-2025оқу жылы

Түсінік хат

Үйірмені ашуда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Азаматтық қызметкерлерге, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1.01.2021 жылдан күшіне енген жаңа Қаулы басшылыққа алынды.

Сыныптан тыс спорт үйірмесінің оқу-жаттығу жұмыстарын құрастыруда "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 3 тамыз 2022 жылғы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты», одан әрі Білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 16 қыркүйек 2022 жылғы № 399 бұйрығы басшылыққа алынып, үйірменің оқу-жаттығу жоспары құрастырылды. Оқу жаттығу жұмысының жүктемесі 45 минуттан аптасына 1 сағат жылына 34 сағат болып белгіленді.

«Асық ату-Шекемтас» (1-9) сынып білім алушыларына арналған курстық оқыту бағдарламасы мектептің кіші педагогикалық кеңесінде талқыланып аталған оқыту курстық бағдарламасы бойынша үйірменің оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

Оқу курсының мақсаты:

1. Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастыру.
2. Қазақстандағы дене шынықтыру туралы тарихи ерекшеліктерді ашатын «ұлттық ойындар» түрлерін оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын жалпы білім беретін мектептің оқу жаттығу бағдарламасына енгізу;

Оқу курсының міндеті:

1. Атадан - балаға мұра болып келе жатқан ұлттық ойындарымызды өскелең ұрпаққа дәріптей отырып, ұлттық ойындарды білуге деген құштарлықтарын арттыру;
2. "Бестас" ойыны арқылы балалардың бойындағы Қазақ халқының тарихи - мәдени мұрасына деген құрмет сезімін қалыптастыру;
3. "Республикалық Асық ойындары Федерациясына" қолдау көрсету;
4. Ұлттық ойындарды кеңінен пайдалана отырып, адамгершілік қасиеттері мол, рух сергектігі, күші мен төзімділігі қалыптасқан, дені сау ұрпақ тәрбиелеу;
5. Білім алушының жастайынан жүйке жүйесі шындалып зеректілік, ептілік, икемділік, дәлдік, төзімділік, ұстамдылық, байсалдылық қасиеттері қалыптастыру.
6. Ата-бабадан мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызбен сусынданған, ұлт жанды ұрпақтар тәрбиелеу.

Оқу курсы аяқтау кезіндегі күтілетін нәтиже:

- 1.Білім алушылар Отанға деген патриоттық сезімі оянады, бірін –бірі құрметтеуге командлық жарыс дағдыларына, жауапкершілік пен өзара түсіністікке қалыптасады;
- 2.Оқу -жаттығу бағдарламасында қамтылған ойын түрлерін игеру арқылы білім алушылар өз денсаулықтарын түзейді;
- 3."Шекемтас" ойынының әдіс – тәсілдерін кәсіби түрде меңгереді;

Пәнді меңгеруге қойылатын жалпы талаптар

1. Ойынның шығу тарихы және Қазақстанда даму кезеңдері жайлы түсінік;
2. Асықтың құрлысымен атауларын білу, күтіп баптау және асықтардың гигиеналық тазалығын сақтару тәртібін ұстану;
3. "ҚРАОФ"-ның бекіткен ойын түрлері мен ойын ережеларін жатқа білу;
4. Үйірмеге қатысушының жеке міндеті;
5. Оқу-жаттығу және жарыс кезінде өз өмірін сақтандыру ережесі ұстану;
6. Жарыс және оқу-жаттығу кезіндегі өзінің психологиялық даярлығын қалыптастыру;

Оқу –жаттығу курсының тақырыптық мазмұны

Оқу-жаттығу жұмысына аптасына 1 сағат жылына 34 сағат

1.Теориялық бөлім – **12 сағат.**

- "Шекемтас" ойынына қойылатын жалпы талапар.
- Ойыншының психологиялық дайындығы .
- Оқу-жарыс кезіндегі сақтандыру ережесі .

Үйірменің жылдық сағат бөлу кестесі

Бағдарламаның түрі	Үйірмеге қамтылған сыныптар	Оқу тоқсандары				Жылдық сағаттар саны
		I	II	III	IV	
«Бес асық» спорт үйірмесі						
Ұлттық ойындар бөлімі		8	8	10	8	34
Жалпы жоспарланған сағаттар саны						34

Үйірме кестесі

№	Өтілу уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сембі
1	«Бес асық» спорт үйірмесі			16.00			

«Бес асық» үйірмесінің тақырыптық-күнтізбе жоспары

p/c	Тақырыптар мазмұны	Сағат саны	Өткізілетін уақыты	Кіріктірілген сабақтар
I тоқсан				*****
1	«Шекемтас» ойынының шығу тарихы	1	4.09.	
2	«Шекемтас» ойынының ерекшеліктері	1	11.09	
3	«Бірлік», «Екілік» ойындары (қыздар) «Үш табан» ойыны (ұлдар)	1	18.09	
4	«Үштік», «Төрттік» ойындары (қыздар) «Алты атар» ойыны (ұлдар)	1	25.09.	
5	«Жалақ» ойыны (қыздар) «Мерген» ойыны (ұлдар)	1	2.10.	
6	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	9.10.	
7	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	16.10.	
8	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	23.10	
Бірінші тоқсандағы жалпы сағаттар саны		8		*****

p/c	Тақырыптар мазмұны	Сағат саны	Өткізілетін уақыты	Кіріктірілген сабақтар
II тоқсан				
9	«Бірлік», «Екілік» ойындары (қыздар) «Үш табан» ойыны (ұлдар)	1	6.11.	
10	«Үштік», «Төрттік» ойындары (қыздар) «Алты атар» ойыны (ұлдар)	1	13.11	
11	«Жалақ» ойыны (қыздар) «Мерген» ойыны (ұлдар)	1	20.11.	
12	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	27.11	
13	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	4.12.	
14	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	11.12.	
15	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	18.12.	
16	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	25.12.	
Екінші тоқсандағы жалпы сағаттар саны		8		*****

p/c	Тақырыптар мазмұны	Сағат саны	Өткізілетін уақыты	Кіріктірілген сабақтар
III тоқсан				
17	«Үндемес» және «Сарсұрт» ойындары «40 асық» ойыны (ұлдар)	1	15.01.	
18	«Алақан» және «Төртбұрыш» ойындары «40 асық» ойыны (ұлдар) қайталау	1	22.01.	
19	"Арттан тастару" және «Жалақ» ойындары «Шеңбер» ойыны (ұлдар)	1	29.01.	
20	«Наби» және «Ұпай санау» ойындары «Шеңбер» ойыны (ұлдар)	1	5.02.	
21	Ойын тәсілдерін жетілдіру	1	12.02.	
22	Ойын тәсілдерін жетілдіру	1	19.02.	
23	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	26.02.	
24	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	5.03.	

25	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	12.03.	
26	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	19.03	
Үшінші тоқсандағы жалпы сағаттар саны		-10-		*****

р/с	Тақырыптар мазмұны	Сағат саны	Өткізілетін уақыты	Кіріктірілген сабақтар
VI тоқсан				
27	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	2.04.	
28	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	9.04.	
29	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	16.04.	
30	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	23.04.	
31	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	30.04.	
32	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	7.05	
33	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	14.05.	
34	«Екі жақты тәжірбелік ойын»	1	21.05.	
Төртінші тоқсандағы жалпы сағаттар саны		8		*****
Жалпы оқу-жаттығу сабақтарының саны		-34		*****

Практикалық сабақтар

1. Ойынның жекелеген әдіс-тәсілдеріне бақылау

Р/С	Бақылау жаттығулары	Базалық	Мүмкіндік
1	«Ойын тарихы мен ойын ережесі»	100%	80%
2	«Ойын тәсілдер» менгеру	100%	90%
3	«Жарыс» нәтижесі	100%	80%

Мұғалімге және оқушыға ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Б.Т.Бөрібеков : «Асық ату -Шекемтас» Авторлық оқу әдістемелік құралы/
Тараз © ТарМПИ баспасы 2015ж. Жамбыл даңғылы 16А

Үйірменің оқытылу жағынан қамтамасыз етілуі

Тұрмыстық жағынан :

1. Оқу –жаттығу жұмыстарын жүргізу орны ойын алаңы және, спорт зал
2. Киім ауыстыру орындары
3. Жуыну орындары
4. Дәретхана

Спорт құралдары :

1. Ойын асықтары 20 -25 дана .

«Шекемтас» ойын түрлері мен ойын мәтіндері

«Бірлік» ойыны (аранйы жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні :

Ойынды екеу ара не топтық түрде ойнауға болады. Ойыншылар көзсіз таңдау арқылы өз кезектерін анықтап алған соң үйшік үстінен қолындағы бестасты не бес асықты ойын алаңына төмен шашады. Қақпа тасты қолға алып, алаңдағы ойын тастарын бір-бірілеп бос қолының уысына жинайды. Соңғы сәтте «қақпа» тасты жоғары лақтырып уысындағы төрт

тасты алаңға қойып , «қақпа» тасты тосып алады оны кері лақтырып ол келгенше жердегі төрт тасты (қаржып) іліп алып кері қайтқан «қақпа» таспен бірге уысына жинайды. (толық орындау +5 ұпай ,қателік -5 ұпай)

«Екілік» ойыны (араний жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні :

Ойынды екеу ара не топтық түрде ойнауға болады . Ойыншылар көзсіз таңдау арқылы өз кезектерін анықтап алған соң үйшік үстінен қолындағы бестасты ойын алаңына төмен шашады . Ойынның ойыналу тәртібі «Бірлік» ойынына ұқсас, өзгешілігі жердегі төрт тасты жұптап іліп алуы қажет. (Әр жұп асыққа 10 ұпайдан , тапсырманы толық орындаса 20 ұпай)

«Үштік» ойыны (араний жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні :

Ойынды екеу ара не топтық түрде ойнауға болады . Ойыншылар көзсіз таңдау арқылы өз кезектерін анықтап алған соң үйшік үстінен қолындағы бестасты ойын алаңына төмен шашады . Ойынның ойыналу тәртібі «Бірлік» ойынына ұқсас, өзгешілігі жердегі төрт тасты үшеуір бірге , біреуін жеке іліп алуы қажет. (Жеке тасқа 5 ұпай,үш тасқа 15 ұпай,тапсырманы толық орындау 20 ұпай)

«Төрттік» ойыны (араний жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні :

Ойынды екеу ара не топтық түрде ойнауға болады.Ойыншылар көзсіз таңдау арқылы өз кезектерін анықтап алған соң үйшік үстінен қолындағы бестасты ойын алаңына төмен шашады . Ойынның ойыналу тәртібі «Бірлік» ойынына ұқсас, өзгешілігі жердегі төрт тасты бәрін бірге іліп алуы қажет. (20 ұпай)

Ескерту:

Үйшік үстінен алаңға төгілген тастарды қозғалтуға болмайды,бұл ереже бұзу,ойын кезегі келесі ойыншыға ауысады.Бұл ойын түрлері «Республикалық Асық Ойындары Федерациясы бекеткен«Қаржау» ойын бағдарламасына енген. Айырмашылығы ойынды «шүкемайт» яғни қозы-лақ асықтарымен ойнайды, бұл жерге «үйшік» қолданылмайды

«Жалақ» ойыны (араний жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні :

Ойынды жеке немесе бірнеше ойыншы ойнауына болады және жарыс ережесіне кіреді Ойында үш не бес жалақ болады , қақпа тасты жоғары лақтырып ол жерге қайта келгенше,сұқ саусақты жерге көптеп жалатып үлгеру керек әр жалатқаны үшін ойыншыға ұпай беріледі

Ескерту :

Әр ойыншы тапсырманы бір рет орындайды;Сұқ саусақты жерге (алаңға) нық тигізу керек ;Жүктемені барлық қатысушы орындаған соң,ойын тоқталып «жалақ» сандары есептелініп ойынның жеңімпаздары анықталады Жүктемені орындау кезінде «қақпа»тасты жерге түсіруге болмайды, оны қағып алу керек .Ол жерге түскен жағдайда ойын осы жерден тоқталып, ойын кезегі келесі ойыншыға ауысады, егер ол соңғы ойыншы болса ойын нәтижесі шығарылады.

«Үндемес» ойыны(араний жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні :

Ойынның бұл түрі -үндемес яғни тастарды бір алақанға жинау. Ойын барысында жоғарыдағы «қақпа» тасты тосу кезінде жерге түсіруге болмайды . Ойын кезінде ойыншының өзі де үндемей ойнауы керек . Оны қарсы ойыншылар әр түрлі әзілдер айтып күлдіруге тырысады Егер ойын кезінде жүктемені орындаушы ойыншы күліп не сөйлесе онда ойнау кезегі келесі ойыншыға ауысады,ойын жалғаса береді.

«Сарт -сұрт» ойыны (араний жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні :

Ойынның бұл түрі,«бірлік»ойынына ұқсас себебі ойынды бастағанда «қақпа» тасты жоғары лақтырып , алаңдағы қалған тастарды бір –бірлеп бір қолдың яғни ойнайтын

қолдың уысына жинайды. Алаңдағы тастарды жинау кезінде тастар бір-біріні қатты соғылмауы керек. Егер ойын барысында жағымсыз дыбыс шықса не тастар жерге түсіп кетсе, ойын тоқтатылып ойнау кезегі келесі ойыншыға ауысады.

«Алақан» ойыны (аранйы жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні:

Ойынды бірнеше ойыншы ойнауына болады және жарыс ережесіне кіреді. Ойын тастарын бос қолдан жасалған үйшік үстінен алаңға шашады. Қақпа тасты қолға алып, оны жоғары лақтырып, қайта келегінше, алаңдағы тастарды екінші қолдың алақанына бір-бірден жинайды. Жүктемен толық орындасаң +5 ұпайы, орындай алмасаң -5 айып ұпайы салынады.

Ескеру:

Әр ойыншы тапсырманы бір рет орындайды; Жүктемені орындау кезінде «қақпа» тасты жерге түсіруге болмайды, оны қағып алып жүктемені тағы орындауға болады. Егер қақпа тасты жерге түсіріп алсаң, ойынға -5 ұпай қарыз боласың, ойнау кезегі келесі ойыншыға ауысады.

«Төрт бұрыш» ойыны (аранйы жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні:

Ойынды бірнеше ойыншы ойнауына болады. Ойынды келісім бойынша төрт ойын тасын төрт бұрышқа қояды, аралары 10 см қақпа тасты қолға алып, оны жоғары лақтырып, қайта келегінше алаңдағы төрт тастарды біріктіріп бірден жинап алу керек (жүктемені нақты орындаған ойыншы +5 ұпайға иелік етеді, егер орындай алмасаң -5 ұпай ойынға қарыз боласың).

Ескерту:

Әр ойыншы тапсырманы бір рет орындайды; Жүктемені орындау кезінде «қақпа» тасты жерге түсіруге болмайды, оны қағып алып жүктемені қайталап орындауға болады. Егер қақпа тасты жерге түсіріп алсаң не ойын тастарын түгел іліп алмасаң ойынға -5 ұпай қарыз боласың және ойнау кезегі келесі ойыншыға ауысады.

«Арттан тастау» ойыны (аранйы жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні:

Ойынды бірнеше ойыншы ойнауына болады және жарыс ережесіне кіреді. Қолдан жасалған үйшік үстінен тастарды ойын алаңына төмен шашып, қақпа тасты жоғары лақтырып жердегі бірінші тасты іліп алып, қақпа тасты жоғары лақтырып екінші тасты іліп алудың алдында, бірінші тасты, босқолдың сырт қырына салу, осылайша кезегімен, үшінші, төртінші тасты қолдың қырының артына топтап, ең соңында бірін бірге уастап алаңнан іліп алу керек.

Ескерту:

Әр ойыншы тапсырманы бір рет орындайды; Жүктемені орындау кезінде «қақпа» тасты жерге түсіруге болмайды, оны қағып алып жүктемені тағы орындауға болады. Ойын тастарын кезегімен қол сыртына ауыстырып отыру керек;

Егер қақпа тасты жерге түсіріп алсаң не ойын тастарын түгел іліп алмасаң ойынға -5 ұпай қарыз боласың және ойнау кезегі келесі ойыншыға ауысады.

«Қақпалық» ойыны (аранйы жарыс бағдарламасына енген)

Мәтіні:

Ойын екі не бірнеше топ (команда) арасында өткізіледі арнайы жарыс бағдарлама сына енгізілген. Ойынды кімнің бастауы анықталған соң, ойыншы бес ойын тасын алақанына салып, келесі сәтте оларды жоғары лақтырып, қайтарында қолының сыртқы қырымен қайта қағып алады, осы үрдісті тағыда қайталап, қолдың сыртындағы тастардың санын есептейді жеңімпаздар қол сыртындағы қалған тастардың санына байланысты анықталады.



Ескерту:

Бұл ойынды жарыста екі ойыншының не екі топтың жинаған ұпайлары тең болған жағдайда жеңімпаздарды анықтау үшін қолданылады.

"Сегізасық" ойыны

Мәтіні:

Сегіз асық бір -біріне қарама қарсы тігіліп, яғни екі «алшы», екі «тәйкі», екі «бүк», екі «шік» осы асықтарды жұбымен қаржып алу керек (толық орындаса 20 ұпай, бір жұп асыққа +10 ұпайдан беріледі, тапсырманы орындай алмаса -20,-10 ұпай ойынға қарыз болады)



«Тоғызасық» ойыны

Мәтіні:

Тоғызасық, асықтарды үш –үштен жұптап қойып қаржып алу (әр жұп асыққа +10 ұпайдан, тапсырманы толық орындағанға 30 ұпай беріледі, орындай алмаса -10 әр үш асық үшін ойынға 30 ұпай қарыз болуы мүмкін)

«Қора» ойыны Нұсқаны ұсынған Бөрібеков Байжан Төсбайұлы

«Қора» және оның құрлысы :



Қора-ойыншының өзінің бос қолымен жасалатын есік Ойын барысында алаңдағы ойын тастарын осы қора есігі арқылы шерту, сілтеу әдістерін қолдану арқылы қора ішіне жинастарады №2 сурет

Мәтіні :

Ойын екі не бірнеше ойыншы арасында ойналады . Ойыншылар көзсіз таңдау арқылы өз кезектерін анықтап алған соң үйшік үстінен қолындағы бестасты ойын алаңына төмен шашады . «Қақпа» тасты қолына алып қалған ойын тастарын шерту-сырғыту әдістерді қолдану арқылы «қора» есігінен бір-бірлеп реті келсе топтап кіргізуіне болады. Барлық тастарды «қораға» кіргізіп болған соң «қақпа» тасты кері лақтырып қайтып келгенше «қорадағы» төрт тасты іліп (қаржып) алып бір алақанға «қақпа» таспен бірге жинауы керек . Ойын осы жерден тоқтатылып , ойын кезегі келесі орындаушыға ауысады , олда тапсырманы орындап болған соң ойын қорытындысы шығарылады .

Ескерту:

Әр ойыншы тапсырманы бір рет орындайды . «Қора» есігін бұруға болмайды (бұл ереже бұзу) Ойын тастарын орындарынан қозғалтуына болмайды (бұл ереже бұзу) Ойын тастарын бірден «қораға» кіргізуі керек, бұл болмаған жағдайда «қақпа» тасты жерге түсірмей қайта қағып алып тапсырманы тағы қайта орындауға мүмкіндік беріледі. Егер ойын барысында «қақпа» тасын жерге түсіріп алса ойын сол жерден тоқтатылып ойнау кезегі келесі ойыншыға ауысады , ол ойыншы тапсырманы орындаушының соңы болса , жалпы ойын аяқталды деп саналып ұпайлары есептелініп қорытынды шығарылады.

«Отау» ойыны Нұсқаны ұсынған Бөрібеков Байжан Төсбайұлы

Мәтіні :

Ойынды екеу ара не топтық түрде ойнауға болады. Ойыншылар көзсіз таңдау арқылы өз кезектерін анықтап алған соң үйшік үстінен қолындағы бестасты ойын алаңына төмен шашады. Қақпа тасты қолға алып , алаңдағы ойын тастарын «Босаға» есімдерін атап бір-бірлеп «шерту, сырғыту» әдістерді қолдана отырып «отауға» кіргізеді, барлық тасты «отауға» жинап болған соң, «қақпа» тасты жоғары лақтырып қайта келгенше қорадағы барлық (төрт) тасты жерден іліп алып, «қақпа» таспен қосып бір қолдың уысына жинайды